

**РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ**



БОЛАШАҚҚА БАҒДАР:

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



«ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ»

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында алдағы уақытта қоғамның барлық саласында ауқымды жобалар мен реформаларды жүзеге асыру бойынша бірқатар міндеттер қойған болатын. Соның бірі – «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы. Бұл жоба аясында әлемнің үздік оқулықтары мемлекеттік тілге аударылып, қазақстандық оқырманға қол жетімді болды.

Әл-Фараби кітапханасына осы жоба аясында философия, әлеуметтану, психология, экономика, менеджмент, кәсіпкерлік, дінтану, лингвистика, антропология, иновация, медиа салалары бойынша кітаптар түскен.

Кітапхананың <http://elibrary.kaznu.kz/ru/node/1468> ресми сайтында толықмәтінді форматта оқуға болады.






Роббинс Стивен, Джадж Тимати.

Ұйымдық мінез-құлық негіздері, 14 басылым.

Ұжымды дұрыс басқару, қызметкерлер мотивациясын арттыру, оған кері әсер ететін кертартпа элементтерді анықтау, олармен жұмыс істеу, үздік мінез құлық үлгілерін анықтап, оларды ынталандыру – психология, әлеуметтану және менеджмент тоғысындағы ілімді меңгеруді талап ететін күрделі жұмыс.



Энтони Кенни. Батыс философиясының жаңа тарихы. 1-том. Антика философиясы.

Ежелгі Жерорта теңізі маңындағы философияның тууы және өркендеуі, ойлау мен пайымдаудың өрісі жөніндегі бұл тамаша тарихи баян Батыстағы ой мен қоғам дамуының бағыт-бағдарына арналған.



Энтони Кенни. Батыс философиясының жаңа тарихы.
2-том. Орта ғасыр философиясы.

Орта ғасыр – философияның гүлдену кезеңі.
Ақыл-ойдың кемелденуі XIII және XIV ғасырда
Акуинолық Томас пен Джон Дунс Скот сынды
тұлғалардың арқасында шырақтау шегіне жетті.
Көпшілік оқырмандарға арналған, Батыс
философиясына ден қойып жүрген студенттерге
қызық болмақ.




Энтони Кенни. Батыс философиясының Жаңа тарихы, 3 том, Қазіргі заман философиясының бастауы.

Философия ежелгі заманда және орта ғасырларда қалыптасқан ең құнды деген құралдардың кейбірінен бас тартса да, осы үшінші томда қамтылған кезең философтары тұрақты құндылықтарды орнықтыра түсуге қомақты үлес қосты. Олар осы том тарауларында терең талданып, айқын сипатталады.



Энтони Кенни. Батыс философиясының Жаңа тарихы, 4 том, Қазіргі заман философиясы.

Қазіргі заманғы философияның бастауы
атты үшінші томда XVI, XVII, XVIII
ғасырлардың және Гегельдің өмірден
озуымен аяқталатын XIX ғасырдың
соңғы жылдарына дейінгі аралықтағы
философия қамтылады



Н. Г. Мэнкью, М. П. Тейлор – Грегори Мэнкьюдің «Экономикс» оқулығының халықаралық төртінші басылымы. Экономикалық қатынас субъектілерінің барлығын мысалға ала отырып жазылған кітап бакалавриат деңгейінде білім беру мен оқытуға қажет тапсырма, сызба, кесте, кейстерді қамтиды. Кітап авторларының басты мақсаты – оқырманды экономист тұрғысынан ойлауға үйрету.




Котлер Филип, Армстронг Гари. Маркетинг негіздері.

Тұтынушы үшін құндылық қалыптастыру, тұтынушы тарту, оны ұстап тұру, тұтынушы қандай да бір брендтің тұрақты клиентіне айналдыру жолдары мен тәсілдері, ортадағы өзгерістерге ілесіп, икемделе білу секілді маркетинг міндеттері нақты мысалдар, кейстермен бекітіліп сипатталады.



Куратко Ф. Дональд. Теория, процесс, практика.


Кітаптың мақсаты – оқырманды кәсіпкерліктің үздік тәжірибелерімен таныстырып, тәжірибелік және эксперименттік оқыту әдістері арқылы кәсіпкерлікке қажет дағдыларды сіңіру



Дэйл Х. Шунк

Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі.


Бұл кітапта оқыту теориялары, зерттеу тәсілдері мен мәселелері және оқытуды зерттеудің тарихи негіздері қамтылса, кейінгі таруларда нейроғылымның білімге ықпалы, әлеуметтік-танымдық оқыту мәселелері, ақпаратты өндіру теориясы, яғни деректі кодтау және сақтау, конструктивизм теориялары талқыланады.



Қазақ тілінің кірме сөздігі.

Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы,
С. Исақова, Б. Мизамхан, Г. Әлімбек,
Г. Мамырбекова, Д. Боранбаев.

Бұл сөздікте қазақ тіліне шет тілдерден енген 9мыңға жуық сөз қамтылады. Сөздікке жалпы халықтық тілдегі сөздер мен кең тараған терминдер алынып, олардың мағынасы түсіндіріледі және шығу тегі көрсетіледі.



Карен Армстронг. Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс:
ҚҰДАЙТАНУ БАЯНЫ

Санамыздағы бір Құдайға деген сенім қайдан келіп орнықты? Адамзаттың Жаратушы туралы түсінігі қалай сатылап өзгеріп отырды? Жаратушыны әлемдік үш ұлы дін – яхудилік, христиандық пен ислам – қандай сипаттарымен таныды?